

Сәйкестікті растау жөніндегі органдарды, сынақ зертханаларын (орталықтарын), өлшем құралдарына салыстырып тексеру, калибрлеу және өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларды аккредиттеу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2007 жылғы 27 желтоқсандағы N 376 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 14 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5091 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2008 жылғы 29 қазандағы N 427 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрінің 2008.10.29 N 427 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

----- Бұйрықтан үзінді -----

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 8-тармағына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

*1
2*

3. Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5091 нөмірімен тіркелген, 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 12 (1238) "Заң газетінде" жарияланған "Сәйкестікті растау жөніндегі органдарды, сынақ зертханаларын (орталықтарын), өлшем құралдарына салыстырып тексеру, калибрлеу және өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларды аккредиттеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2007 жылғы 27 желтоқсандағы N 376 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

*4
5*

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

В. Школьник

Қолданушылардың назарына!!!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

2004 жылғы 9 қарашадағы "Техникалық реттеу туралы" және 2000 жылғы 7 маусымдағы "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан

Республикасының Заңдарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған сәйкестікті растау жөніндегі органдарды, сынақ зертханаларын (орталықтарын), өлшем құралдарына салыстырып тексеру, калибрлеу және өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларды аккредиттеу ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті (бұдан әрі - Комитет) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды Комитет Төрағасы Ғ.М. Мұхамбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Индустрия және сауда министрінің
2007 жылғы 27 желтоқсанда
N 376 бұйрығымен бекітілді

Сәйкестікті растау жөніндегі органдарды, сынақ зертханаларын (орталықтарын), өлшеу құралдарына салыстырып тексеру, калибрлеу және өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларды аккредиттеу ережесі

Осы Ереже 2004 жылғы 9 қарашадағы " Техникалық реттеу туралы " және 2000 жылғы 7 маусымдағы " Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді, Қазақстан Республикасында сәйкестікті растау жөніндегі органдарды және сынақ зертханаларын (орталықтарды), өлшеу құралдарына салыстырып тексеру, калибрлеу және өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларды аккредиттеудің бірыңғай тәртібі мен талаптарын белгілейді.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аккредиттеу жөніндегі орган - Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын және аккредиттеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға ;

2) аккредиттеу жөніндегі комиссия - аккредиттеу материалдарын қарастыратын және сол бойынша ұсынымдық сипатқа ие шешім қабылдайтын аккредиттеу жөніндегі органның үнемі әрекет ететін комиссиясы;

3) өтінім беруші - аккредиттеуге өтінім берген заңды тұлға;
4) аккредиттеу субъектілері - аккредиттелген сәйкестікті растау жөніндегі органдар, сынақ зертханалары (орталықтарын), өлшеу құралдарына салыстырып тексеру, калибрлеу және өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттауды жүзеге асыратын заңды тұлғалар және олардың филиалдары.

2. Шетелдік өтінім берушілер, олардың құрылымдық бөлімшелері егер, өзгелер Қазақстан Республикасымен бекітілген халықаралық келісім шарттарда белгіленбесе, осы Ережеге сәйкес аккредиттеледі.

3. Аккредиттеу рәсімін өту үшін өнім сәйкестігін растау жөніндегі органның өз меншік құқығы негізінде оның аккредиттеу саласында көзделген объектілеріне жетпіс пайыздан кем емес көлемде сынақ жүргізуді қамтамасыз ететін зертханасы болуы тиіс.

4. Өтінім берушіні аккредиттеу мынадай кезеңдерден тұрады:

- 1) өтінімді қабылдау және қарастыру;
- 2) аккредиттеу жөніндегі жұмыстар жүргізуге арналған шарт (бұдан әрі - Ш а р т) б е к і т у ;
- 3) ұсынылған құжаттарға сараптама жүргізу;
- 4) өтінім берушіні орналасқан жерінде тексеру;
- 5) аккредиттеу немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешім қабылдау;
- 6) аккредиттеу аттестатын беру.

2. Аккредиттеу жұмыстарын жүргізу тәртібі

5. Өтінім беруші аккредиттеу жөніндегі органға:

- 1) аккредиттеу жөніндегі жұмыстар жүргізуге өтінім;
- 2) өтінім берген аккредиттеу саласын қағаз жүзінде және электрондық ж е т к і з у ш і т ү р і н д е ;
- 3) паспорт (сынақ зертханалары (орталықтары), өлшеу құралдарына салыстырып тексеру, калибрлеу және өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттауды жүзеге асыратын заңды тұлғалар үшін);
- 4) сәйкестікті бағалау жөніндегі жұмыстарды орындайтын қызметкерлер туралы мәлімет (сәйкестікті растау жөніндегі органдар үшін);
- 5) нотариалды расталған өтініш берушінің заңды мәртебесін анықтайтын құжаттардың көшірмелері (жарғы, филиал туралы ереже, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігі, есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігі статистикалық карточка).

Өтінім беруші өтінілген аккредиттеу саласына байланысты нормативтік құжаттарға сәйкес аккредиттеу үшін қажетті өзге де құжаттар тапсырады.

Өтінішті есептемегенде барлық құжаттар екі данадан тапсырылады.

6. 5-тармақтың 1)-5)-тармақшаларында көрсетілген құжаттар осы ереженің 1-9 қосымшаларына сәйкес нысаны мен мазмұны бойынша тапсырылады.

Егер өтініш және (немесе) оған қосымша құжаттар осы Ережеге сәйкес келмесе немесе ұсынылған құжаттар көлемі толық болмаса аккредиттеу жөніндегі орган ол түскен күнді есептегенде бес жұмыс күні ішінде қайтару себептерін көрсете отырып, өтінішті қайтарып береді.

7. Аккредиттеу жөніндегі орган мен өтінім берушінің арасында жасалатын аккредиттеу жөніндегі жұмыстар, мыналардан тұратын Шартқа сәйкес ақылы негізде жүзеге асырылады:

1) тарап деректемелері:

аккредиттеу жөніндегі органның толық атауы, оның орналасқан жері, өтінім берушіні мемлекеттік тіркеу нөмірі мен күні, салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

өтінім берушінің толық атауы және оның орналасқан жері мен өтінім берушіні мемлекеттік тіркеу нөмірі және күні, салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) шартзаты;

3) тарап құқықтары мен міндеттері;

4) жұмыстар құны;

5) жұмыстардың орындалу мерзімдері;

6) инспекциялық тексеру жүргізу тәртібі мен мерзімдері;

7) тараптар жауаптылығы;

8) шарт бекітілген күн.

8. Құжаттарға сараптама Шарт жасалған күннен бастап есептелетін отыз жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Сараптама жүргізу үшін аккредиттеу жөніндегі орган сарапшы-аудитор немесе сарапшы-аудиторлар тобын тағайындайды.

9. Сарапшы-аудитор барлық тапсырылған құжаттарға сараптама жүргізеді, қажет болған жағдайда өтінім берушіден тапсырылған осы ақпаратты растау немесе анықтау үшін қосымша ақпарат сұратады.

10. Сараптама нәтижесі бойынша сарапшы-аудитор қорытынды дайындайды, ол мыналардан тұруы тиіс:

тапсырылған құжаттардың аккредиттеу талаптарына сәйкестігін бағалау;

нақты талаптар бойынша құжаттардың сәйкессіздігін көрсету (сәйкессіздік табылған жағдайда);

тапсырылған құжаттарды түзету бойынша ұсыныстар және сол ұсыныстарды өтінім берушінің орындауын растау тәртібі;

ұсынылған құжаттардың аккредиттеу талаптарына сәйкестігі немесе сәйкессіздігі туралы қорытынды.

Қорытындыда берілген жазбалар ұсынылған құжаттардың аккредиттеу талаптарына сәйкестік бағасы анық және түсінікті баяндалуы керек.

11. Сарапшы-аудитордың қорытындысы негізінде аккредиттеу жөніндегі органның басшысы мына шешімдердің біреуін қабылдайды:

1) өтінім берушінің тұрғылықты орны бойынша тексеру туралы (бұдан әрі - **т е к с е р у**) ;

2) өтінім берушінің сәйкессіздіктерді жоюы туралы.

Шешім көшірмесі өтінім берушіге жіберіледі.

12. Өтінім беруші шешім көшірмесін алған күннен бастап отыз күн ішінде анықталған сәйкессіздіктерді жояды және аккредиттеу жөніндегі органға оларды жойғаны туралы хабарлайды. Аккредиттеу жөніндегі орган хабарландыру алған күннен бастап жеті күндік мерзімде құжаттарға қайта сараптама жүргізеді.

Сәйкессіздіктерді жою мерзімін аккредиттеу жөніндегі орган өтінім берушінің себептері көрсетілген жазбаша өтінімі бойынша екі айдан аспайтын **у а қ ы т қ а** **ұ з а р т а д ы** .

Анықталған сәйкессіздіктерді белгіленген мерзімде жоймау, егер ол еңсерілмейтін күшпен шарттасылған болмаса немесе құжаттарға қайта сараптама жүргізу кезінде сарапшы-аудитордың бастапқы қорытындысында көрсетілген сәйкессіздіктер табылса, онда ол шартты бұзуға негіз болады.

13. Тексеру өтінім берушінің құзыреттілігін, ұсынылған құжаттардағы ақпараттардың нақты жағдайға сәйкестігін бағалау мақсатында жүргізіледі.

14. Тексеруді аккредиттеу жөніндегі орган қалыптастыратын топпен жүзеге асырылады. Тексеру жөніндегі топ кемі үш адамнан тұруы қажет, топ басшысы ретінде құжаттарға сараптама жүргізген аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудитор **т а ғ а й ы н д а л а д ы** .

Тексеру жөніндегі топтың құрамына келісім бойынша:

өлшем бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі мамандар;

сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлар, техникалық сарапшылар, мемлекеттік органдардың және басқа ұйымдардың мамандары өтінім берушінің өтінім берген қызмет саласы бойынша кіруі қажет.

15. Тексеру тексеру туралы шешім қабылдаған күнді есептемегенде он жұмыс күнінен кем емес мерзімде жүргізіледі.

16. Өз жұмысының нәтижесі бойынша Тексеру жөніндегі топ өтінім берушінің аккредиттеу талаптарының сәйкестігіне бағалау есебін құрайды. Есеп топ басшысымен оның мүшелерінің барлық ескертулерін есепке ала отырып, екі данада жасалады және барлық топ мүшелері қол қояды. Есептің бір данасы өтінім берушіге, ал екінші данасы аккредиттеу жөніндегі органға беріледі.

17. Тексеру жөніндегі топтың есебімен келіспеген жағдайда өтінім беруші аккредиттеу жөніндегі органға өзінің ескертулерін жазбаша нысанда ұсына алады.

18. Тексеру жөніндегі топтың есебі негізінде және олар болған жағдайда өтініш берушінің ескертулерін есепке ала отырып, аккредиттеу жөніндегі орган басшысы бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде мына шешімдердің біреуін

қ а б ы л д а й д ы :

1) жиналған материалдарын аккредиттеу жөніндегі комиссияға (бұдан әрі - Комиссия) тапсыру туралы;

2) өтінім берушінің анықталған сәйкессіздіктерді жоюы туралы.

Шешім көшірмесі өтінім берушіге жолданады.

19. Өтінім беруші тексеру барысында анықталған сәйкессіздіктерді жояды және аккредиттеу жөніндегі органға шешімнің көшірмесін алған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде кемшіліктерді жойғаны туралы хабарлайды, содан кейін аккредиттеу жөніндегі орган қайта тексеруді жүргізеді. Тексеру мерзімі өтінім берушіні тұрғылықты орны бойынша тексеру жөніндегі топтың келген кезін есептегенде, бес жұмыс күнінен аспауы тиіс.

Сәйкессіздіктерді жою мерзімін аккредиттеу жөніндегі орган өтінім берушінің себептер көрсетілген жазбаша өтінімі бойынша екі айдан аспайтын у а қ ы т қ а ұ з а р т а д ы .

Белгіленген мерзімде анықталған сәйкессіздіктерді жоймау, егер ол еңсерілмейтін күшпен шарттасылған болмаса Шартты бұзуға негіз болады.

20. Комиссия материалдар келіп түскен кезінен бастап, жиырма жұмыс күнінен аспайтын мерзімде оларды қарап, шешім қабылдайды.

Комиссия шешімдері оның мүшелерінің басым көпшілігінің дауысымен қабылданады.

21. Комиссия шешімі негізінде аккредиттеу жөніндегі орган басшысы бес жұмыс күні ішінде өтінім берушіні аккредиттеу туралы немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Оң шешім қабылданған күнді есептегенде жеті жұмыс күні ішінде аккредиттеу жөніндегі орган басшысымен өтінім берушінің аккредиттеу саласы бекітіледі, содан кейін осы Ереженің 10 қосымшасына сәйкес мазмұны және нысаны бойынша аккредиттеу аттестаты мен бір құжаттар жиынтығы беріледі.

Комиссияның теріс шешімі жағдайда өтінім берушіге құжаттар жиынтығы мен дәлелді бас тарту жібереді, Шарт бұзылады.

22. Аккредиттелген субъект аккредиттеу аттестатының аяқталу мерзімінен алты ай бұрын аккредиттеу жөніндегі органға кезекті аккредиттеу туралы өтінім береді. Кезекті аккредиттеу осы Ереженің 5-21-тармақтарына сәйкес жүргізіледі.

3. Аккредиттеу аттестаты

23. Аккредиттеу аттестаты аккредиттелген субъектінің өтінім берген аккредиттеу саласына сәйкес нақты жұмыстарды орындауға құқылы екенін ресми тану фактісін куәландыратын құжат болып табылады.

Аккредиттеу аттестатының қолданылу мерзімі үш жылды құрайды.

24. Аккредиттеу аттестаты аккредиттелген субъектілердің мемлекеттік тізілімінде тіркелуге тиіс.

25. Аккредиттеу аттестатымен бірге міндетті қосымша ретінде аккредиттеу саласын белгілейтін құжат беріледі.

26. Жоғалған, бүлінген аккредиттеу аттестаттары аккредиттеу субъектісі жазбаша өтініш (аккредиттеу аттестатының жоғалған, бүлінген фактісін растайтын қосымша құжаттармен қоса) берген күннен бастап жарамсыз деп е с е п т е л е д і .

Аккредиттеу жөніндегі орган өтініш берген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде аккредиттеу аттестатының төлнұсқасын береді.

27. Шетелдік аккредиттеу жөніндегі органдар берген аккредиттеу аттестатын немесе оған балама құжаттарды аккредиттеу жөніндегі орган Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес таниды.

4. Аккредиттеу аттестатын қайта рәсімдеу

28. Аккредиттелген субъектісінің аккредиттеу аттестатын қайта рәсімдеу:

- 1) оның қайта құрылған кезінде;
- 2) оның мекен жайы өзгергенде;
- 3) оның атауы өзгергенде;

4) шындығында оның аккредиттеу саласы кеңейтілгенде немесе қысқартылғанда жүзеге асырылады.

29. Аккредиттелген субъект аккредиттеу аттестатын қайта рәсімдеуге негіз туындаған күннен бастап он күнтізбелік күні ішінде аккредиттеу жөніндегі органға жаңа мәліметтер көрсетілген аккредиттеу аттестатын қайта рәсімдеу туралы өтінім береді.

30. Осы Ереженің 28-тармағының 1)-3)-тармақшаларында көзделген негіздер бойынша, аккредиттеу субъектісі аккредиттеу жөніндегі органға аккредиттеу аттестатын қайта рәсімдеу себептерін көрсетіп қайта рәсімдеу туралы өтінім және осы Ереженің 4-тармағының 2)-3)-тармақшаларында көзделген құжаттарды , ал 28-тармақтың 4)-тармақшасында көзделген негіз бойынша сондай-ақ кеңейтілген салаға сәйкес мамандардың бар екендігі туралы ақпарат тапсырады.

Барлық құжаттар екі данада тапсырылады.

Құжаттар жиынтығының толық еместігі өтінішті қабылдаудан бас тартуға негіз болады.

31. Осы Ереженің 28-тармақ 2) және 4)-тармақшаларында көзделген негіз бойынша аккредиттеу жөніндегі органымен осы Ереженің 14-19-тармақтарында көзделген тәртіпте оның орналасқан орны бойынша аккредиттеу субъектісін тексеру жүргізіледі.

32. Комиссия аккредиттеу аттестатын қайта рәсімдеу туралы құжаттарды он жұмыс күні ішінде қарастырады.

Мерзімі өтіп кету кезінде аккредиттелген субъектіні тұрғылықты орны бойынша тексеру және соңғы анықталған сәйкессіздіктерді жою күндері есептелмейді.

33. Комиссия шешімі негізінде аккредиттеу жөніндегі орган басшысы аккредиттеу аттестатын қайта рәсімдеу туралы немесе қайта рәсімдеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

34. Аккредиттеу аттестатын қайта рәсімдеуден бас тарту туралы шешім аккредиттелген субъект ұсынған құжаттарда және мәліметтерде жалған немесе бұрмаланған ақпарат анықталғанда, сондай-ақ аккредиттелген субъектісінің орналасқан орны бойынша қайта тексеру барысында оның алғашқы тексеруде анықталған сәйкеспеушілігі анықталған жағдайда қабылданады. Бұл жағдайда келісім-шарт бұзылады.

35. Оң шешім қабылдаған жағдайда аккредиттеу аттестаты қайта рәсімделеді және ол туралы аккредиттелген субъектілердің мемлекеттік тізіліміне соған сәйкес жазба жүргізіліп, аккредиттеу саласы қайта бекітіледі.

36. Аккредиттеу аттестатының қолданыс мерзімі оны қайта рәсімдеуде үзілмейді.

5. Аккредиттеу материалдарын жандандыру тәртібі

37. Аккредиттеу материалдарын жандандыру - аккредиттеу аттестатын қайта рәсімдеуді тудырмайтын осы Ереженің 5-тармағы 2)-4)-тармақшаларында көзделген аккредиттелген субъектісінің құжаттарына өзгерістер енгізу.

38. Аккредиттеу материалдарын жандандыру мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) сәйкестікті бағалау және аккредиттеу саласында ескінің орнына жаңа нормативтік құжатты енгізгенде;

2) өлшем бірлігін қамтамасыз ету, сәйкестікті бағалау саласы бойынша жұмыстарды жүзеге асыратын мамандардың құрамы өзгергенде;

3) өлшем құралдары (эталондары), сынақ және қосымша құрал-жабдықтарын ауыстырғанда.

39. Аккредиттелген субъектісі құжаттарды жандандыруда аккредиттеу жөніндегі органға жандандыру себебінің негізімен өтінім, сондай-ақ екі данада өзгерістер енгізілген аккредиттеу материалдарын береді.

40. Аккредиттеу жөніндегі орган құжаттар түскен күннен он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде оларды түскен кезден бастап құжаттарды қарайды және осы Ереженің 28-тармағында көзделген негіздер болмаған жағдайда енгізілген өзгерістерді өз мәліметіне алып, ол туралы аккредиттелген субъектісіне жазбаша хабарлайды.

6. Аккредиттеу аттестатын тоқтату, жою, аккредиттеу аттестатын жарамсыз деп тану

41. Аккредиттеу аттестатының қолданысы аккредиттеу жөніндегі орган басшысының шешімі бойынша мынадай негіздер бойынша алты айға дейін тоқтатылады :

- 1) аккредиттеу субъектісінің жазбаша өтініші;
- 2) аккредиттеу субъектісінің аккредиттеу саласынан тыс өлшем құралдарын қамтамасыз ету, сәйкестікті бағалау бойынша жұмыстарды іске асыру;
- 3) өлшем құралдарын қамтамасыз ету, сәйкестікті бағалау бойынша жұмыстары нәтижесінің дұрыстығына әсер ететін аккредиттеу талаптарының бұзғандығы анықталу негізінде.

42. Өтінішті қарау мерзімі осы Ереженің 41-тармақ 1) тармақшасында көзделген негіз бойынша бес жұмыс күнінен аспауы тиіс.

Анықталған бұзушылықтар туралы құжаттарды қарау мерзімі 41-тармақ 2) және 3)-тармақшаларында көзделген негіз бойынша он жұмыс күнінен аспауы тиіс.

43. Комиссия шешімі бойынша аккредиттеу жөніндегі орган басшысы аккредиттеу аттестатының қызметін тоқтату туралы шешім қабылдайды.

Бұйрықтың көшірмесі аккредиттеу субъектісіне жіберіледі, ол оны алған күннен бастап сәйкестікті бағалау, өлшем бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметін тоқтатады және жіберген бұзушылықтарды жою үшін шаралар қолданады.

44. Бұзушылықтарды жойғаннан кейін аккредиттелген субъект оларды жойғаны туралы мәліметтерді аккредиттеу жөніндегі органға аккредиттеу аттестатының қызметін қайта жандандыру шешімін қабылдау үшін береді.

Аккредиттеу жөніндегі орган күнтізбелік он күн ішінде ескертулерді жөндеген фактісі бойынша тексеру ұйымдастырады, содан соң үш жұмыс күні ішінде аккредиттеу аттестатының қолданысын қайта жандандыру немесе қайта жандандырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

45. Егер анықталған бұзушылықтар жалпы аккредиттеу саласына әсер етпейтін жағдайда сәйкестікті бағалау, өлшем бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі әрекет сол аккредиттеу саласында, онда анықталған бұзушылықтар шегінде тоқтатыла тұруға жатады.

46. Аккредиттеу аттестаты оның әрекет ету мерзімінің аяқталуына байланысты қызметін тоқтатады.

47. Аккредиттеу аттестаты мынадай жағдайларды жойылады, егер:

- 1) инспекциялық тексеру кезінде аккредиттеу субъектісінің сәйкестікті бағалау, өлшем бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды орындауға оның құзыреттілігіне күмән келтіретін, қызметінде бұзушылықтар анықталса;
- 2) аттестат алу кезінде аккредиттелген субъектісімен біле тұра жалған ақпарат ұсынылса.

7. Апелляция

48. Өтінім беруші аккредиттеу жөніндегі орган қабылдаған кез келген шешімге аккредиттеу жөніндегі органның апелляциялық комиссиясына немесе сотқа, хабарлама алғаннан соң, қабылданған шешім туралы бір айдан кем емес мерзімде шағымдануына болады.

49. Апелляциялық комиссияның шешімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотта қайта қарастырылуы мүмкін.

Сәйкестікті растау жөніндегі
органдарды, сынақ зертханаларын
(орталықтарын), өлшеу құралдарына
салыстырып тексеру, калибрлеу
және өлшемдерді орындау
әдістемелерін метрологиялық
аттестаттауды жүзеге асыратын
заңды тұлғаларды аккредиттеу

ережесіне 1-қосымша

Аккредиттеу жөніндегі орган

Ө Т І Н І М

1. _____
(өтінішкер атауы)

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Техникалық реттеу жүйесінде (өлшем бірлігін қамтамасыз ету) _____

_____ (сәйкестікті растау жөніндегі органдарды, сынақ зертханаларын (орталықтарын), метрологиялық қызметтерді, өлшем құралдарын салыстырып тексеру, (калибрлеу) өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттауды, өлшем жағдайын бағалауды жүзеге асыратын, филиал ретінде) _____ аккредиттеу саласында

(нормативтік құжаттың белгісі, аккредиттеу
с а л а с ы н ы ң а т а у ы)

аккредиттеуді сұраймыз.

2. _____ Өтінішкердің _____ заңды _____ мәртебесі:

_____ (заңды тұлға туралы мәліметтер (филиал) - атауы, құрылтайшылар, заңды тұлғаның басшылық органы, тұрған жері, телефоны, факсы, электрондық поштасы, веб сайты, есептік шоты, СТН)

3. _____
(өтінім беруші басшысының аты-жөні, тегі)

4. _____

(аккредиттеу органымен байланысына жауапты қызметкердің
аты-жөні, тегі, телефоны)

Басшы _____

(өтінішкер атауы) (қолы) (аты-жөні, тегі)

" _____ " _____ 20__ жыл

Мөр орны

Сәйкестікті растау жөніндегі
органдарды, сынақ зертханаларын
(орталықтарын), өлшеу құралдарына
салыстырып тексеру, калибрлеу және
өлшемдерді орындау әдістемелерін
метрологиялық аттестаттауды
жүзеге асыратын заңды тұлғаларды
аккредиттеу ережесіне 2-қосымша

Б Е К І Т Е М І Н

(аккредиттеу жөніндегі органы басшысының
лауазымы, аты-жөні, тегі, қолы)

" _____ " _____ 20__ ж.

20__ ж. " _____ " _____ N _____

аккредиттеу аттестатының қосымшасы _____ бетте

ӨНІМ СӘЙКЕСТІГІН РАСТАУ ЖӨНІНДЕГІ ОРГАННЫҢ АККРЕДИТТЕЛУ
С А Л А С Ы

(өнім сәйкестігін растау жөніндегі органның атауы және мекен жайы)

(зерттеу объекті-сінің) өнім атауы	Э Қ ТӨС коды	ЭҚТ ТН ЕВРАЗЭҚ	Сәйкестікті растау бойынша жүргізетін нормативтік-құқықтық актілердің, нормативтік құжаттардың белгісі	(зерттеу объектісінің) өнімді анықтау сипаттамасы (көрсеткіштері)	Сипаттамаларды (көрсеткіштерді) анықтау үшін сынау әдістеріне нормативтік құжаттар белгісі
1	2	3	4	5	6

Е с к е р т у л е р :

1. Осы қосымшаның соңғы бетіне сәйкестікті растау жөніндегі орган басшысының қолы қойылуы және заңды тұлғаның мөрімен расталуы керек.

2. Осы қосымшаның әр парағы аккредиттеу жөніндегі органның мөрімен
р а с т а л у ы к е р е к .

3. Сәйкестікті растау жөніндегі органның филиалдары осы нысан бойынша
аккредиттеу саласын рәсімдейді.

4. Аккредиттеу саласын кеңейту кезінде»"Өнім сәйкестігін растау жөніндегі
органның аккредиттеу саласына N ____ қосымша" деп аталатын осы нысан
пайдаланылады.

Сәйкестікті растау жөніндегі
органдарды, сынақ зертханаларын
(орталықтарын), өлшеу құралдарына
салыстырып тексеру, калибрлеу және
өлшемдерді орындау әдістемелерін
метрологиялық аттестаттауды
жүзеге асыратын заңды тұлғаларды
аккредиттеу ережесіне 3-қосымша

Б Е К І Т Е М І Н

(аккредиттеу жөніндегі органы басшысының
лауазымы, аты-жөні, тегі, қолы)
" ____ " _____ 20__ ж.
20__ ж. " ____ " _____ N ____

аккредиттеу аттестатының қосымшасы ____ бетте

МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІНІҢ СӘЙКЕСТІГІН РАСТАУ ЖӨНІНДЕГІ
О Р Г А Н Н Ы Ң

А К К Р Е Д И Т Т Е У С А Л А С Ы

(сәйкестігін растау жөніндегі органның атауы және мекен жайы)

Менеджмент жүйесінің атауы	ЭҚТӨС коды	Менеджмент жүйесінің қызмет саласы	Сәйкестікті растау бойынша жүргізетін нормативтік-құ- қықтық актілер- дің, норматив- тік-құжаттардың белгісі	Сипаттамаларды (көрсеткіштерді) анықтау үшін сынау әдістеріне нормативтік құжаттар белгісі
1	2	3	4	5

Е с к е р т у л е р :

1. Осы қосымшаның соңғы бетіне сәйкестікті растау жөніндегі орган
басшысының қолы қойылуы және заңды тұлғаның мөрімен расталуы керек.

2. Осы қосымшаның әр парағы аккредиттеу жөніндегі органның мөрімен

р а с т а л у ы

к е р е к .

3. Сәйкестікті растау жөніндегі органның филиалдары осы нысан бойынша аккредиттеу саласын рәсімдейді.

4. Аккредиттеу саласын кеңейту кезінде "Менеджмент жүйесін растау жөніндегі органның аккредиттеу саласына N ____ қосымша" деп аталатын осы нысан пайдаланылады.

Сәйкестікті растау жөніндегі
органдарды, сынақ зертханаларын
(орталықтарын), өлшеу құралдарына
салыстырып тексеру, калибрлеу және
өлшемдерді орындау әдістемелерін
метрологиялық аттестаттауды
жүзеге асыратын заңды тұлғаларды
аккредиттеу ережесіне 4-қосымша

Б Е К І Т Е М І Н

(аккредиттеу жөніндегі органы басшысының
лауазымы, аты-жөні, тегі, қолы)

" ____ " _____ 20 ____ ж.

20 ____ ж. " ____ " _____ N ____

аккредиттеу аттестатының қосымшасы ____ бетте

СЫНАҚ ЗЕРТХАНАСЫ (ОРТАЛЫҒЫ) АККРЕДИТТЕЛУ САЛАСЫ

(сынақ зертханасы (орталығы) атауы және мекен жайы)

(зерттеу объекті- сінің) ө н і м атауы	Э Қ ТӨС коды	ЭҚТ ТН ЕВРАЗЭҚ	Сәйкестікті растау бойынша жүргізетін нормативтік- құқықтық актілердің, нормативтік- құжаттардың белгісі	(зерт- теу объек- тісі- нің) өнімдіанық - тау сипат- тамасы (көр- сет- кіш- тері)	белгі- сіздік	Сипаттамалар- ды (көрсет- кіштерді) анықтау үшін сынау әдістеріне нормативтік құжаттар белгісі
1	2	3	4	5	6	7

Е с к е р т у л е р :

1. Осы қосымшаның соңғы бетіне сынақ зертханасы (орталығы) басшысының қолы қойылуы және заңды тұлғаның мөрімен расталуы керек.

2. Осы қосымшаның әр парағы аккредиттеу жөніндегі органның мөрімен
р а с т а л у ы к е р е к .

3. Сынақ зертханасының (орталығының) филиалдары осы нысан бойынша
аккредиттеу саласын рәсімдейді.

4. Аккредиттеу саласын кеңейту кезінде "Сынақ зертханасының (орталығының) аккредиттеу саласына N ____ қосымша" деп аталатын осы нысан пайдаланылады.

Сәйкестікті растау жөніндегі
органдарды, сынақ зертханаларын
(орталықтарын), өлшеу құралдарына
салыстырып тексеру, калибрлеу және
өлшемдерді орындау әдістемелерін
метрологиялық аттестаттауды
жүзеге асыратын заңды тұлғаларды
аккредиттеу ережесіне 5-қосымша

Б Е К І Т Е М І Н

(аккредиттеу жөніндегі органы басшысының
лауазымы, аты- жөні-тегі, қолы)
" ____ " _____ 20__ ж.
20__ ж. " ____ " _____ N ____
аккредиттеу аттестатының қосымшасы ____ бетте

ӨЛШЕМ ҚҰРАЛДАРЫН САЛЫСТЫРЫП ТЕКСЕРУДІ (КАЛИБРЛЕУДІ) ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ АККРЕДИТТЕУ САЛАСЫ

(заңды тұлғаның атауы және мекен жайы)					
Өлшем түрінің коды	Өлшем құралда- рын салыстырып тексеретін (калибрлейтін) топтың атауы	Өлшем құрал- дарының түрі	Метрологиялық сипаттама		
			өл ш е м ауқымы	дәреже, т о п дәлдігі, кәтелігі	кеңейтілген белгісіздік
1	2	3	4	5	6

Е с к е р т у л е р :

1. Осы қосымшаның соңғы бетіне басшысының қолы қойылуы және заңды
тұлғаның мөрімен расталуы керек.

2. Осы қосымшаның әр парағы аккредиттеу жөніндегі органның мөрімен
р а с т а л у ы к е р е к .

3. Заңды тұлғаның филиалдары осы нысан бойынша аккредиттеу саласын

р ә с і м д е й д і .

4. Аккредиттеу саласын кеңейту кезінде "Өлшем құралдарын салыстырып тексеруді (калибрлеуді) жүзеге асыратын заңды тұлғаның аккредиттеу саласына N ____ қосымша" деп аталатын осы нысан пайдаланылады.

Сәйкестікті растау жөніндегі
органдарды, сынақ зертханаларын
(орталықтарын), өлшеу құралдарына
салыстырып тексеру, калибрлеу және
өлшемдерді орындау әдістемелерін
метрологиялық аттестаттауды
жүзеге асыратын заңды тұлғаларды
аккредиттеу ережесіне 6-қосымша

Б Е К І Т Е М І Н

(аккредиттеу жөніндегі органы басшысының
лауазымы, аты-жөні, тегі, қолы)

" ____ " _____ 20 ____ ж.

20 ____ ж. " ____ " _____ N ____

аккредиттеу аттестатының қосымшасы ____ бетте

СӘЙКЕСТІКТІ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАЙТЫН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

(сәйкестікті бағалау жөніндегі органның атауы)

Аты-жөні, тегі	Білімі, оқу орнының атауы және оны бітірген жылы Дипломы бойынша мамандығы	Жұмыс орны, лауазымы, қызметтік міндеттері, мамандығы бойынша еңбек стажы	Сертификаттау бойынша теорети- калық дайындау туралы куәлік N, оқу курсының атауы, сарапшы- аудитор аттес- тының N аттес- талған күні	Қызмет саласы
1	2	3	4	5

Басшы _____
(өтінішкер атауы) (қолы) (аты-жөні, тегі)

" ____ " _____ 20 ____ жыл

М ө р о р н ы

Е с к е р т у л е р :

1 бағанда кезекті тәртіпте штаттағы сарапшы аудиторлар, штаттағы сарапшы аудиторлыққа кандидаттар, сәйкестікті растау жөніндегі органның штаттағы

мамандары, шарт бойынша жұмыстарға тартылған мамандар көрсетіледі.

3 бағанда штатта жоқ мамандармен жасалған шарттың күні, нөмірі және мерзімі көрсетіледі.

Сәйкестікті растау жөніндегі
органдарды, сынақ зертханаларын
(орталықтарын), өлшеу құралдарына
салыстырып тексеру, калибрлеу және
өлшемдерді орындау әдістемелерін
метрологиялық аттестаттауды
жүзеге асыратын заңды тұлғаларды
аккредиттеу ережесіне 7-қосымша

Б Е К І Т Е М І Н

(аккредиттеу жөніндегі органы басшысының
лауазымы, аты- жөні-тегі, қолы)
" ____ " _____ 20__ ж.

СЫНАҚ ЗЕРТХАНАСЫНЫҢ (ОРТАЛЫҒЫНЫҢ)

Т Ө Л Қ Ұ Ж А Т Ы

(сынақ зертханасының (орталығының) атауы)
Зертхана (орталық) басшысының аты-жөні, тегі, лауазымы, телефоны

Зертхананың (орталық) пошталық мекен жайы _____
Сынақ зертханасы қызмет ететін заңды тұлғаның пошталық мекен жайы _____

Сынақ зертханасының телефоны, факсы, электрондық поштасы, веб сайты

Төлқұжатқа 7 кесте кіреді

1 кесте. Зертхананың (орталық) сынақ жабдықтарымен (бұдан әрі - СЖ)
жарақтандыру

Анықталатын параметрлер	Атауы, тұрпаты, маркасы, дайындаушы, зауыт және түгендеу нөмірі	СЖ негізгі техникалық сипаттамалары
1	2	3

1 кестенің жалғасы

Пайдалануға енгізілген жылы		Ескертпе
--------------------------------	--	----------

	СЗ аттестаттау құжатының күні және нөмірі, кезеңділігі	
4	5	6

Ескерту. Сынақ зертханасы деп қалпына келтірілген сыртқы әсер ететін факторлар және (немесе) жүктемені қайталайтын техникалық құрал саналады.

2 Кесте. Зертханаға (орталыққа) өнімді сынау үшін өлшеу құралдары туралы (ӨҚ) мәліметтер

Өнімнің (параметрлердің) анықталатын сипаттамаларының атауы	ӨҚ атауы, тұрпаты, маркасы, дайындаушы, зауыт және түгендеу нөмірі	Негізгі метрологиялық сипаттамалар
1	2	3

2 кестенің жалғасы

Пайдалануға енгізілген жылы	Тексеру немесе аттестаттау туралы сертификат (куәлік) нөмірі, күні, кезеңділігі	Қосымша мәліметтер
4	5	6

Ескерту. Өлшеу құралдары деп белгілі уақыт аралығында өлшемі өзгермеген (белгіленген кінәрат шегінде), физикалық шама бірлігін сақтайтын және (немесе) қайталанатын қалпына келтірілген метрологиялық сипаттамалары бар өлшеуге арналған техникалық құрал саналады.

3 Кесте. СЖ аттестаттау үшін СЗ бар мәліметтер

СЖ атауы	Жабдықты аттестаттау әдістеріне арналған құжат атауы	Ауқым және өлшеу дәлелдігі	ӨҚ атауы, тұрпаты, маркасы, дайындаушы-зауыт
1	2	3	4

3 кестенің жалғасы

Метрологиялық сипаттамалар	Пайдалануға енгізілген жылы	Тексеру немесе аттестаттау туралы сертификат (куәлік) нөмірі, күні, дүркінділігі	Қосымша мәліметтер
5	6	7	8

Ескерту. 3 кесте Зертхана персоналымен СЖ аттестаттау кезінде толтырылады

4 Кесте. Талдамалы бақылауда заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерінің (ары қарай - СО)стандарттық үлгілерімен жабдықталуы.

Қолданылатын (құралдарды	СО арналуы градуирлеу,	СО қолдану тәртібі	С О атауы	СО кім және
--------------------------	------------------------	--------------------	-----------	-------------

өлшеу нәтижелері дұрыстығын бақылау, басқа санатты үлгілерді аттестаттау)	белгіленген НҚ белгісі және атауы	және нөмірі	қашан бекітті
1	2	3	4

4 кестенің жалғасы

СО аттестатталған сипаттамалары	Аттестатталған сипаттамаларды белгілеу қателігі	СО данасының жарамдылық мерзімі	СО тұрпатын бекіту туралы сертификат (куәлік) N	Ескертпе
5	6	7	8	9

Е с к е р т у л е р :

1. СО деп өнімді сынау және зерттеу, салыстырып тексеру, өлшеу құралдарын калибрлеу және градуирлеу, сынаулар, өлшем жүргізу әдістемесін аттестаттау кезінде бірлік өлшемін беру үшін пайдаланылатын, метрологиялық аттестаттау нәтижесінде мәні белгіленген, осы заттың (материалдың) құрамы мен қасиетін сипаттайтын шамалар өлшемін сақтауға және қайталауға арналған зат немесе материалдың құрамы мен қасиеттерін сипаттайтын шамалар өлшемін қайталау және сақтау үшін арналған зат немесе материалдың белгілі мөлшері түрінде өлшеу құралдары және белгіленген тәртіпте стандарттық үлгі ретінде бекітілгені е с е п т е л е д і .

2. 4 бағанда СО бекіту деңгейі көрсетіледі (мемлекетаралық, мемлекеттік, салалық кәсіпорындар). Кәсіпорынның СО үшін кәсіпорын басшысымен қашан бекітілгенін көрсетеді. Кестені сертификат (куәлік) негізінде толтырады.

3. 9 бағанға мемлекеттік деңгейде СО тіркеу туралы мәліметтер енгізеді.

5 Кесте. Сынаулар кезінде қолданылатын нормативтік құжаттар тізбесі

Нормативтік құжаттар белгісі	Нормативтік құжаттар атауы	Кім және қашан бекітті, құжатты бекіткен мекеме (бұйрығының) қаулысының N, енгізілген күні
1	2	3

6 Кесте. Зертханалардың персоналы туралы мәліметтер

Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Диплом бойынша білімі, мамандығы	Жүргізілетін сынаулар түрі	Аттестаттау хаттамасының нөмірі және күні, дүркінділігі	Ескерту
1	2	3	4	5	6

Ескерту. Тіркелген зертхана қызметкерлерінен басқа сынауда қатысқан басқа бөлімшелер қызметкерлерін көрсету керек (ол туралы 6 бағанда белгі қойылады).

7 Кесте. Зертханалардың (орталықтардың) өндірістік бөлмелерінің жағдайы

Бөлменің ар-налуы (оның ішінде жүргізілетін сынаулар түрлері)	Арнайы немесе құрылғы	Көлемі, м ²	Температурасы, °С	Жұмыс орындарының жарықтандырылуы, лк	Газдалу деңгейі, мг/м ³
1	2	3	4	5	6

7 кестенің жалғасы

Шу деңгейі, дБ	Арнайы жабдық-тың болуы (желдету, кедергілерден қорғау ж.т.б.)	Сынау объектілерін жеткізу ыңғайлығы	Үлгілерді қабылдау және сақтау шарттары	Ескертпе
7	8	9	10	11

Ескерту. Кесте санитарлық-эпидемиологиялық қызмет ұйымының мамандарымен орындалған өндірістік факторлар деңгейін өлшеу хаттамасы негізінде толтырылады. Нысанға міндетті түрде санитарлық-эпидемиологиялық қызмет ұйымының басшысымен қол қойылған санитарлық-гигиеналық талаптарға өндірістік бөлмелердің сәйкестігі туралы тұжырым міндетті түрде қоса жіберіледі.

Сәйкестікті растау жөніндегі органдарды, сынақ зертханаларын (орталықтарын), өлшеу құралдарына салыстырып тексеру, калибрлеу және өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларды аккредиттеу ережесіне 8-қосымша

Б Е К І Т Е М І Н

(аккредиттеу жөніндегі органы басшысының лауазымы, аты- жөні, тегі, қолы)

" _____ " _____ 20__ ж.

20__ ж. " _____ " _____ N _____

аккредиттеу аттестатының қосымшасы _____ бетте

ӨЛШЕМ ҚҰРАЛДАРЫН КАЛИБРЛЕУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ЗАҢДЫ Т Ұ Л Ғ А Н Ы Ң

Т Ө Л Қ Ұ Ж А Т Ы

(заңды тұлғаның атауы)

Заңды тұлға басшысының аты-жөні, тегі, лауазымы, телефоны _____

Заңды тұлғаның пошталық мекен жайы _____

Заңды тұлғаның телефоны, факсы, электрондық поштасы, веб сайты _____

Метрологиялық қызмет басшысының аты-жөні, тегі, қызметі _____

Калибрлеу зертханасы басшысының аты-жөні, тегі, қызметі _____

Төлқұжатқа 5 кесте кіреді

1 Кесте. Қызмет саласы (өлшем құралдарының топтары бойынша)

Ө л ш е м түрлерінің коды	ӨҚ салыстырып тексеретін топтың атауы	ӨҚ түрі	өлшем ауқымы
1	2	3	4

кестенің жалғасы

Метрологиялық сипаттамалар		Калибрлеу әдістеріне арналған нормативтік құжаттар (белгісі)	Қолданатын калибрлеу құралдары
дәрежесі, дәлелдік тобы, категорія	кеңейтілген белгісіздік		
5	6	7	8

2 Кесте. Өлшем құралдарын калибрлеу кезінде қолданылатын нормативтік құжаттар тізімі

Нормативтік құжаттар белгісі	Нормативтік құжаттар атауы	Қашан және кім бекітті, құжатты бекіткен ұйым қаулысының (бұйрығының) N, енгізу күні
1	2	3

3 Кесте. Өлшем құралдарын калибрлеуді орындайтын мамандар, (қызметкерлер) кадрлар құрамы туралы мәліметтер

Аты-жөні, тегі				
----------------	--	--	--	--

	Лауазымы, еңбек өтілі	Білімі, мамандығы	Біліктілігін көтеру курсы бітіргендігі туралы мәлі- меттер (бітірген күні, жарам- дылық мерзімі, өлшем түрі	Өлшем құрал- дарын кали- брлеу топтары бойынша маман- дандыру
1	2	3	4	5

4 Кесте. Қолданыстағы эталондардың тізімі

Атауы	Түрі	Зауыттық нөмірі	Мүліктік өмірі	өлшем ауқымы
1	2	3	4	5

кестенің жалғасы

Метрологиялық сипаттамалар		Калибрлеу туралы құжаттың күні және нөмірі (метрологиялық аттест-таудың)	Пайдалануға енгізілген жылы	Аккредиттеу саласына сәйкес арналуы
дәрежесі, дәлелдік тобы, қателігі	кеңейтілген белгісіздік			
6	7	8	9	10

5 Кесте. Өндірістік бөлмелерінің жағдайы

Өтінішкердің бөлмесінің атауы	Арнаулы бөлме (арнайы\ құрылғы)	Көлемі, м ²	Температурасы, °C	
			қалып	факт
1	2	3	4	

кестенің жалғасы

Бі р ша ма ылғалдығы, %		Жұмыс орын- дар ы ны ң жарықтанды- рылуы, лк		Шу деңгейі, дБ	
қалып	факт	қалып	факт	қалып	факт
5		6		7	

кестенің жалғасы

Электромагниттік кедергілердің деңгейі, А/м		Газдалу деңгейі, %		Орган атауы (N, аккредиттеу аттестатының қызмет мерзімі), қорытындылау күні
қалып	факт	қалып	факт	
8		9		10

Сәйкестікті растау жөніндегі органдарды, сынақ зертханаларын (орталықтарын), өлшеу құралдарына салыстырып тексеру, калибрлеу және өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларды аккредиттеу ережесіне 9-қосымша

Б Е К І Т Е М І Н

(аккредиттеу жөніндегі органы басшысының лауазымы, аты-жөні, тегі, қолы)
" ____ " _____ 20__ ж.
20__ ж. " ____ " _____ N ____

аккредиттеу аттестатының қосымшасы ____ бетте

ӨЛШЕМ ҚҰРАЛДАРЫН КАЛИБРЛЕУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ЗАҢДЫ
Т Ұ Л Ғ А Н Ы Ң

Т Ө Л Қ Ұ Ж А Т Ы

(заңды тұлғаның атауы)

Заңды тұлға басшысының аты-жөні, тегі, лауазымы, телефоны _____

Заңды тұлғаның пошталық мекен жайы _____

Заңды тұлғаның телефоны, факсы, электрондық поштасы, вебсайты _____

Метрологиялық қызмет басшысының аты-жөні, тегі, қызметі _____

Калибрлеу зертханасы басшысының аты-жөні, тегі, қызметі _____

Төлқұжатқа 8 кесте кіреді

1 Кесте. Қызмет саласы (өлшем құралдарының топтары бойынша)

Өлшем түрлері бойынша өлшем құралдарын салыстырып тексерудің коды	ӨҚ салыстырып тексеретін топтың атауы	ӨҚ түрі	Метрологиялық сипаттамалар (тобы, дәрежесі дәлелдігі, өлшем ауқымдары, қателігі, кеңейтілген белгісіздік)	Салыстырып тексеру әдістеріне және ӨҚ нормативтік құжаттар (белгісі)	Қолданатын салыстырып тексеру құралдары
1	2	3	4	5	6

2 Кесте. Өлшем құралдарын калибрлеу кезінде қолданылатын нормативтік құжаттар тізімі

Нормативтік құжаттар белгісі	Нормативтік құжаттар атауы	Қашан және кім бекітті, құжатты бекіткен ұйым қаулысының (бұйрығының) N, енгізу күні
1	2	3

3 Кесте. Кадрлар құрамы

Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Өлшем құралдарын салыстырып тексерушінің біліктілік алғандығы туралы мәлімет (сертификат N, күні, жарамдылық мерзімі)	Еңбек өтілі	Осы лауазымының сәйкестігіне аттестатау туралы мәліметтер, дүркінділігі	Біліктілігін көтеру курсы бітіргендігі туралы мәліметтер (бітірген күні, жарамдылық мерзімі, өлшем түрі)
1	2	3	4	5	6

4 Кесте. Шама бірлігі шығыс эталондарының тізімі

Б Е К І Т Е М І Н

(уәкілетті орган басшысының аты - жөні, тегі)

(қ о л ы)

" ____ " _____ 20__ ж.

Шама бірлігі шығыс эталондарының тізімі

(заңды тұлғаның атауы)

Атауы	Түрі	Зауыттық нөмірі	Мүліктік нөмірі	Дәлелдік тобы, дәрежесі, қателігі, кеңейтілген белгісіздік	Өлшем ауқымы	Салыстырып тексеру туралы құжаттың күні және нөмірі (метрологиялық аттестаттау-дың)	Пайдалануға енгізілген жылы	Аккредиттеу саласына сәйкес арналуы
1	2	3	4	5	6	7	8	9

5 Кесте. Шама бірлігі қол астындағы эталондарының тізімі

Б Е К І Т Е М І Н

(уәкілетті орган басшысының
аты - жөні, тегі)

(қ о л ы)

" ____ " _____ 20__ ж.

Шама бірлігі қол астындағы эталондарының тізімі

Атауы	Түрі	Зауыттық нөмірі	Мүліктік нөмірі	Дәлелдік тобы, дәрежесі, қателігі, кеңейтілген белгісіздік	Өлшем ауқымы	Салыстырып тексеру туралы құжаттың күні және нөмірі (метрологиялық аттестаттау-дың)	Пайдалануға енгізілген жылы	Аккредиттеу саласына сәйкес арналуы
1	2	3	4	5	6	7	8	9

6 Кесте. Өлшеу жабдықтары

Атауы	Түрі	Зауыт-		Дәлелдік тобы,		Салыстырып	Пайдалануға	Аккредиттеу
-------	------	--------	--	----------------	--	------------	-------------	-------------

		тық нө- мірі	Мүлік- тік нөмірі	дәре- жесі, кате- лігі, ке- ңей- тілген бел- гісіз- дік	Өлшем ауқымы	тексе- ру ту- ралы құжат- тың күні және нөмірі (мет- роло- гиялық аттес- тат- тау- дың)	енгі- зілген жылы	саласына сәйкес арналуы
1	2	3	4	5	6	7	8	9

7 Кесте. Арнаулы автокөліктермен жабдықталуы

Атауы, тұрпаты немесе маркасы	Пайдалануға енгізілген жылы	Саны, данасы	Арналуы
1	2	3	4

8 Кесте. Өндірістік бөлмелерінің жағдайы

Өті- ніш- кер- дің бөл- месі- нің атауы	Арнаулы бөлме (арнайы\ құрыл- ғы)	Көлемі, м ²	Температурасы, °С	
			қалып	факт
1	2	3	4	

кестенің жалғасы

Біршама ылғалдығы, %		Жұмыс орындары- ның жарықтанды- рылуы, лк		Шу деңгейі, дБ	
қалып	факт	қалып	факт	қалып	факт
5		6		7	

кестенің жалғасы

Электромагниттік кедергілердің деңгейі, А/м	Газдалу деңгейі, %	Орган атауы (N, аккредиттеу аттестатының
---	--------------------	--

қалып	факт	қалып	факт	қызмет мерзімі, қорытындылау күні
8		9		10

Сәйкестікті растау жөніндегі
органдарды, сынақ зертханаларын
(орталықтарын), өлшеу құралдарына
салыстырып тексеру, калибрлеу және
өлшемдерді орындау әдістемелерін
метрологиялық аттестаттауды
жүзеге асыратын заңды тұлғаларды
аккредиттеу ережесіне 10-қосымша

Б Е К І Т Е М І Н

Заңды тұлға басшысы _____

(заңды тұлғаның атауы, басшысының
аты-жөні, тегі, қолы)
" ____ " _____ 20__ ж.

ӨЛШЕМДЕРДІ ОРЫНДАУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІН МЕТРОЛОГИЯЛЫҚ АТТЕСТАТТАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

(заңды тұлға атауы)
Заңды тұлғаның басшысының аты-жөні, тегі, лауазымы, телефоны _____

Заңды тұлғаның пошталық мекен жайы _____

Заңды тұлғаның телефоны, факсы, электрондық поштасы, вебсайты _____

Төлқұжатқа 5 кесте кіреді

1 Кесте. Кадрлар құрамы

Аты-жөні, тегі	Лауа- зымы	Осы лауа- зым- дағы еңбек өтілі	Осы лауазымының сәйкестігіне аттестатау туралы мәліметтер	Біліктілігін көтеру курсы бітіргендігі туралы мәліметтер (бітірген күні, жарамдылық мерзімі, өлшем түрі бойынша мамандандыру)
1	2	3	4	5

2 Кесте. Өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттауды ұйымдастыруды және жүргізуді реттейтін құжаттардың тізімі

Нормативтік құжаттар белгісі және атауы	Кім бекітті	Жарамдылық мерзімі	Өзектілік күні
1	2	3	4

3 Кесте. Өлшем құралдары туралы мәліметтер

Атауы	Түрі (маркасы)	Зауыттық нөмірі	Мүліктік нөмірі	Дәлелдік тобы, дәрежесі, қателігі	Өлшем ауқымы	Пайдалануға іске қосылған жылы	Салыстырып тексеру туралы құжаттың күні және нөмірі (метрологиялық аттестаттаудың)	Аспап иесі
1	2	3	4	5	6	7	8	9

4 Кесте. Өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттау және әзірлеу саласында жүргізілген жұмыстар туралы ақпарат

Жұмыс атауы	Жүргізген күні	Кім үшін жүргізілді	Жүргізілген жұмыстың мақсаты
1	2	3	4

5 Кесте. Өндірістік бөлмелерінің жағдайы

Өтінішкердің бөлмесінің атауы	Арнаулы бөлме (арнайы\құрылғы)	Көлемі, м ²	Температурасы, °С	
			калып	факт
1	2	3	4	

кестенің жалғасы

Біршама ылғалдығы, %		Шу деңгейі, дБ
----------------------	--	----------------

		Жұмыс орында- рының жарық- тандырылуы, лк			
қалып	факт	қалып	факт	қалып	факт
5		6		7	

кестенің жалғасы

Электромагниттік кедергілердің деңгейі, А/м		Газдалу деңгейі, %		Орган атауы (N, аккредиттеу аттестатының қызмет мерзімі), қорытындылау күні	
қалып	факт	қалып	факт		
8		9		10	

Сәйкестікті растау жөніндегі
органдарды, сынақ зертханаларын
(орталықтарын), өлшеу құралдарына
салыстырып тексеру, калибрлеу және
өлшемдерді орындау әдістемелерін
метрологиялық аттестаттауды
жүзеге асыратын заңды тұлғаларды

аккредиттеу ережесіне 11-қосымша

Аккредиттеу жөніндегі орган атауы

АККРЕДИТТЕУ АТТЕСТАТЫ

Аккредиттелген субъектілер
тізімінде тіркелді

N _____

" ____ " _____ 20 ____ ж.

" ____ " _____ 20 ____ ж.

дейін жарамды

(аккредиттелген субъект атауы және мекен жайы)

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Техникалық реттеу жүйесінде (өлшем
бірлігін қамтамасыз ету) _____

_____ талаптарға сәйкес аккредиттелді.
(нормативтік құжаттың атауы)
Қызметінің негізгі бағыттары: _____
Аккредиттеу саласы _____ беттік қосымшада жасалған.
А к к р е д и т т е у с а л а с ы н ы ң
Басшысы _____
(қ о л ы) (а т ы - ж ө н і)
Мөр орны